

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мемлекеттік мекемелері - обаға қарсы күрес станцияларына қызмет көрсетуге арналған автомобиль және механикалық көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 1475 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мемлекеттік мекемелері - обаға қарсы күрес станцияларына қызмет көрсетуге арналған автомобиль және механикалық көлік құралдарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2011 жылғы	6 желтоқсандағы
№ 1475	қаулысына
қосымша	

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мемлекеттік мекемелері — обаға қарсы күрес станцияларына қызмет көрсетуге арналған автомобиль және механикалық көлік құралдарының заттай нормалары

Көлік құралының типі	Функционалдық мақсаты	Жұмыс істеп жатқан бір құралымға көлік құралының шекті саны
----------------------	-----------------------	---

		Станцияның/ бөлімшенің стационарлық зертханасы	Эпидемияға қарсы жасақ	Бір станцияға
1	2	3	4	5
1. Санитариялық жеңіл көлік (оның ішінде жоғары өтімді)	Обаға, тырысқаққа және басқа да аса қауіпті инфекцияларға күдіктену кезіндегі шұғыл шақыртулар және жұқпалы материалды жеткізу үшін	2	1	X
2. Жүк көлігі (оның ішінде жоғары өтімді)	Обаға, тырысқаққа және басқа да аса қауіпті инфекцияларға қарсы тексеру және шұғыл профилактикалық іс-шаралар жүргізу үшін	2	1	X
3. Жолсыз жермен жүретін көлік базасындағы автобакзертхана	Шалғай және жету қиын аудандарды тексеру үшін	2-5 жылжымалы құралымға бір бірлік		2-ден аспайтын
4. Су тасығыш	Далалық жұмыстар кезінде жылжымалы құралымдарға су жеткізу үшін	2-5 жылжымалы құралымға бір бірлік		2-ден аспайтын
5. Өзіаударғыш	Қатты жанар майды, қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау үшін	2-5 жылжымалы құралымға бір бірлік		2-ден аспайтын
6. Жанар-жағар май тасығыш, оның ішінде жолсыз жермен жүретін көлік базасында	Далалық жұмыстар кезінде жанар-жағар материалдарын жылжымалы құралымдарға жеткізу үшін	2-5 жылжымалы құралымға бір бірлік		2-ден аспайтын
7. Шағын автобус	Дала жұмыстарына топтарды тасымалдау үшін	2-5 жылжымалы құралымға бір бірлік		2-ден аспайтын
8. Аспалы жабдықтары бар дөңгелекті трактор	Тиеу-түсіру жұмыстары үшін			1